



Millî Kültür Araştırmaları Dergisi (MİKAD)

Cilt: 1- Sayı: 2- Aralık 2017

ISSN: 2587-1331

## ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ БАСТАУЛАРЫ

А.А КӨШЕКОВА\*

### Түйіндеме

Бұл мақалада шешендік өнердің пайда болуы мен дамуы, оның қазақ және грек халықтарындағы рөлі мен маңызы сипатталған. Б.Адамбаев, Г.Косымова, Ж.Молдабеков сияқты шешендік өнерді зерттейтін қазақ ғалымдарының ой-пікірлері мен тұжырымдары берілген. Бұл мақала тілге және руханилыққа, сана-сезімге, ұлттың түсінікпен тығыз байланысты шешендікті дамыту туралы, әдебиеттанулық зерттеулерді, жетістіктерді жинақтап, шешендік өнері арқылы ұлттық бейнені жасау әдістері, энциклопедиялық сөздіктерде шешендік сөздерді және оны оқып, үйрену жолдары көрсетілген. Ол сондай-ақ, адамзат өркениетінің даму барысында, спикерлерікке байланысты ғылымдардың жаңа құбылыстарға кеңейіп бара жатқанын айтады. Бұл мақалада Аристотель, Платон және Горгий сияқты танымал ғалымдардың теориялық еңбектері пайдаланылады, оның құрамына лингвистика, ақындық, логика және философия негіздері кіреді.

**Тірек сөздер:** *магиялық поэзия, шешендіктің анықтамасы мен құрылымы, шешен сөз, антикалық дәуір, Грек мектебі*

### THE BEGINNING OF THE ORATORICAL ART

#### Abstract

This article deals with the origin and development of oratory art, its role and significance in the Kazakh and Greek people. Convictions, thoughts and concepts of Kazakh scientists studying oratory art such as B.Adambayev, G.Kosymova, Zh.Moldabekov. This article is devoted to oratory development is closely connected with language and spirituality, consciousness, understanding of the nation. Literary studies generalizes, summarize the search, achievements in this way, and determine the works, ways of comprehension and portrayal of the national image by dint of this kind of art. Using of oratorical words and ways of studying in encyclopedic dictionaries. It also says because of the development and prosperity of human civilization, nowadays the science of speakers is expanding to new phenomena. In this article is used theoretical works of such famous scientists as Aristotle, Plato and Gorgias, which include the foundations of linguistics, poetics, logic and philosophy, which give a full definition of oratory art.

**Key Words:** *magical poetry, definition of rhetoric, a rhetorical device or figure of speech, antique era, Greek school.*

Шешендік өнері — Жер бетінде адам қоғамы, сөз, тілдесу пайда болғаннан бері өмір сүріп келе жатқан қоғамдық құбылыстардың бірі. Адамдар көне замандарда сөздің сиқырлы құдіреті бар деп сенген, қоршаған табиғатқа, жан-жағындағы жандарға сөз магиясы арқылы әсер етуге тырысу әрекеттері бағзы дәуірлерден басталып, осы кезге дейін жалғасып келеді. Арбау, дуалау, үшкіру, бақсылық, «күн жайлату» т.б. сияқты магиялық әрекеттердің бәрінде адамдар сөздің құдіретін пайдалануға тырысқан. Магиялық поэзия туралы белгілі ғалым Б. Абылқасым: «Ата-бабаларымыз бұдан жүз жыл, мың жыл, ондаған мың жыл бұрын осы сияқты текстерді орындап, қара құрттың уын

\* Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті, ф.ғ.к, қаумд.проф.м.а, [kosheкова\\_71@mail.ru](mailto:kosheкова_71@mail.ru)

қайтаратын, немесе тістің құртын түсіретін. Оған имандай сенетін. Иә, сенетін» деп жазған болатын (Абылқасымов, 2004: 4) Сөздің жеке адамға, үлкен қауымға қаншалықты қатты әсер ететінін антикалық дәуірдің шешендері де жақсы түсінген. Горгий бұл туралы өзінің «Еленаны мадақтау» атты әйгілі шығармасында былай деп жазады: «Слово есть великий властелин, который, обладая весьма малым и совершенно незаметным телом, совершает чудеснейшие дела. Ибо оно может и страх изгнать, и печаль уничтожить, и радость вселить, и сострадание пробудить» (Лосев, 1969:1).

Шешендік өнерінің негізі — адамның өз ойын өзгелерге көркемдеп жеткізуі, өз позициясының дұрыс екенін дәлелдей білуі, басқаларды сендіре білуі десек, бұндай қасиеттердің бәрі ықылым заманнан адам қоғамында өмір сүріп жатқан әрбір жанға қажет болғанын сөзсіз. Шешендік өнері немесе риторика (грекше *rhetorike*) — филологияның көркем, шебер сөйлеуді, сөйленетін сөзді дұрыс құрастыра білуді, қуаты мол, жалынды сөзді қолданып қалың көпшілікке әсер етуді зерттейтін саласы. «Риторику принято рассматривать как одну из лингвистических дисциплин» деп жазады Ю.Н.Варзонин (Варзонин, 2007) яғни шешендік ғылымы, әдетте, жалпы тіл білімінің бір саласы ретінде қарастырылады. Батыс лингвистикасында «шешендік өнер», «риторика» терминдерінің «ораторлық өнер» (орыс тілінде – «ораторское искусство», лат. *Oratoria*) деген де синонимі бар. Көне Грекияда көпшілік алдына шығып сөйлетін шешенді, сондай-ақ шешендік өнерге баулитын ұстазды «ритор» деп атаған.

«Шешен сөз дегеніміз – тауып айтылған тапқыр сөз, ақылға қозғау салып, ой түсіретін даналық сөз, қиялға әсер етіп, сезімінді қозғайтын көрікті де, әсерлі сөз, бұра тартпас дәлелімен тамсандырып, таңдай қақтыратын білгір-білімді сөз, өтіп кеткен не өтіп жатқан оқиғаны жанды суреттей көз алдына алып келетін суретті сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жеткізетін терең мағыналы түйінді сөз» деп жазады Г. Қосымова (Қосымова, 2005:14) Бұл дәйексөзде шешендік сөздің бүкіл табиғаты, қыр-сыры барынша айқындалып, толықтай қамтылған. Ғалым Б.Адамбаев: «Шешендік сөз дегеніміз — кейде билердің дау үстінде көркем тілмен, көрікті оймен айтылған айыптау, ақталу, немесе билік, төрелік сөздері. Бірақ, бұл әдеби жанр мұнымен шектелмейді, ойға ұста, тілге шебер адамдардың біреуге, қауымға арналған ақыл-кеңестерін, өсиет-насихаттарын, бата-тілектерін және қазалы, қайғылы адамдарға айтқан естірту, жұбату сөздерін, қоғам өмірі, табиғат құбылысы туралы ойланыс-толғаныстарын да қамтиды» деп жазады (Адамбаев, 1989: 36)

«Үлкен энциклопедиялық сөздікте» шешендік өнердің: «Риторика (греч. *rhetorike*) -1) наука об ораторском искусстве и шире — о художественной прозе вообще. Состояла из 5 частей: нахождение материала, расположение, словесное выражение (учение о 3 стилях: высоком, среднем и низком и о 3 средствах возвышения стиля: отборе слов, сочетании слов и стилистических фигурах), запоминание и произнесение» деген анықтамасы берілген (БЭС)). Бұл анықтамадан «риторика» терминін кеңіректен алғанда бүкіл көркем прозаны да қамтитынын байқаймыз.

Жалпы алғанда, шешендік ғылымының шеңберінің де, соған орай шешендік өнер анықтамасының да қоғамдық қатынастардың өзгеруіне сәйкес үнемі кеңіп, жетіліп отырғаны белгілі. «Шешендік туралы түсінік бірдей емес, біртіндеп анықталуда, мазмұны мен аясын кеңейтуде» деген пікір айтады Ж.Молдабеков (Молдабеков, 2009:3) Яғни, адам өркениетінің дамып, өркендеуіне орай шешендік ғылымы да өз аясын кеңітіп, жаңа, тың құбылыстарды қамтып, ұлғайып келеді. Және бұл процесс алдағы кезде де жалғаса береді Шешендік ғылымы осы кезге дейін де сан ғасырлар бойы күрделі даму жолынан өтті. Риторика алғашқы пайда болған кездері негізінен көпшілік алдында ауызша сөйлеу, суырып салма шешендік, тапқырлық деген тар мағынада ғана қолданылды. Бірақ, уақыт өте келе шешендік ғылымының аясы кеңіп, ол зерттейтін тілдік құбылыстардың саны арта

түсті. Кейінірек шешендіктің қағаз бетіне түскен жазба түрлері де зерттеу нысынына айналды.

Шешендік өнері көне антикалық дәуірде өте жоғары бағаланды. Цицерон екі өнердің адамды ең жоғары дәрежеге жеткізетінін, соның бірі – әскер басқару өнері, ал, екіншісі — шешендік өнері екенін айтқан еді. Шешендік ғылымының қалыптасып, дамуын тарихи тұрғыдан саралайтын болсақ, оның грек топырағында дүниеге келгенінің куәсі болар едік. Шешендік өнерінің жоғары бағалануына және қоғамда барынша қажет болуына байланысты Грекияда шешендікке үйрететін арнайы мектептер пайда болды. Соған орай ежелгі Грекияда риторика, яғни, ойды көркем тілмен, әсерлі жеткізуді зертейтін шешендік ғылымы жеке ғылым саласы ретінде өмірге келді. Риториканың дербес ғылым ретінде Афинада б.д.д. шамамен V ғасырда пайда болғаны белгілі. Диоген Лаэртций шешендік өнердің негізін Протагор салды деп есептейді. Диогеннің пікірінше Протагор бірінші болып шешендікке сөз жарысты, софизмдерді қолдануды енгізген, сөз қолдануды: өтініш, сауал, жауап, бұйрық деген төрт бөлікке бөлген.

Көне Грекияның шешендік ғылымынан негізінен екі үлкен құбылысты байқаймыз. Олардың біріншісі Лисий, Перикл, Демосфен тәрізді даңқты шешендердің шешендік сөздерінің үлгілері. Екіншісі – Аристотель, Платон, Горгий тәрізді ғалымдардың шешендік өнерін жүйлеуге, сараптауға бағытталған теориялық еңбектері. Мұндай еңбектердің бәрі көне Грекияда жастарды шешендікке баулитын оқу құралы ретінде пайдаланылғаны белгілі. Грекияда жеті жастан жиырма бір жасқа дейінгі ер балалар мен жас жігіттерді оқытатын риторика мектептері болған. Ондай мектептерде балалар логиканы, әдебиетті, философияны, тілді, математиканы оқыған, дегенмен, риторика жетекші пән болған. Жалпы, антикалық риториканы тек көркем сөйлеу мектебі деген ұғыммен шектеуге болмайды, ол өз ішіне лингвистиканың, поэтиканың логика мен философияның негіздерін қамтыған күрделі ғылым болды. Антикалық дәуірдің оқулықтарында шешендіктің үш түрі атап көрсетілді: оның біріншісі үлкен жиындарда-мәслихаттарда сөйленетін сөздер (мұнда үлкен саяси мәселелер, елді-жерді қорғау сияқты тақырыптар қозғалды); екіншісі сот процесінде сөйленетін сөздер (күнәліні айыптау немесе қорғау), үшіншісі салтанатты жиын-тойларда, жеңіс мерекелерінде сөйленетін сөздер (мадақтау немесе күстаналау).

Грек шешендігі де алғашқы кезеңінде қазақ шешендігі тәрізді негізінен ауызша айтылып, ауызша таралды. Алғаш рет өзінің сөйлеген сөздерін жазып алған шешен Антифон деп есептеледі. Одан соңғы шешендердің көбісінің сөйлеген сөздері жазылып алынып, келер ұрпаққа мұра болып қалды. Айталық, қарапайым, әрі көркем сөздерімен есте қалған Лисийдің көптеген елдің алдына шығып сөйлеулері, «әдемі сөздің атасы» атанған Исокарттың 60 сөзінің 21 бізге жазба күйінде жетті. Мақалада берілген мәліметтердің жастарға берер тәлім-тәрбиелік маңызы зор.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

Б. Ш. Абылқасымов., (2004), *Наным-сенім гұрпының фольклоры: Хрестоматия* Алматы.

Лосев А.Ф., (1969), *История античной эстетики: Софисты, Сократ, Платон.* М.: Искусство.

Варзонин Ю.Н., (2007), *Политическая риторика и политическая лингвистика: предпосылки и пути развития.* Тверской государственный университет, г. Тверь.  
<http://tverlingua.ru/archive/009/1e3e9.htm>

Қосымова Г., (2005), *Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы*. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы.

Адамбаев Б., (1989), Алтын сандық. *Әдеби мақалалар*. Алматы. «Жазушы» баспасы.  
*Большой энциклопедический словарь (БЭС)*. <http://dic.academic.ru/>

Молдабеков Ж., (2009), *Шешендік: Оқу құралы*. – Алматы: «Қарасай».